

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағында "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қазандағы N 82 Заңы.

Мәскеуде 2004 жылғы 22 желтоқсанда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағында "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісім бекітілсін.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының
Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағында "Бәйтерек"
ғарыш зымыран кешенін құру туралы
КЕЛІСІМ**

(2005 жылғы 15 желтоқсанда күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі қағидаттары мен шарттары туралы келісімді, 1994 жылғы 15 сәуірдегі Өндірістік, коммерциялық, кредиттік-қаржылық, сақтандыру және аралас трансұлттық бірлестіктер құру мен дамытуға жәрдемдесу туралы келісімді, 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартын (бұдан әрі - Жалға беру шарты), 1993 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағында жұмыстар орындау үшін қажетті тауарларды шекара арқылы өткізу тәртібі туралы келісімді басшылыққа ала отырып,

2004 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімнің ережелерін негізге ала отырып,

2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісімнің ережелерін назарға ала отырып,

қазақстандық және ресейлік кәсіпорындар мен ұйымдар арасындағы дәстүрлі қалыптасқан өндірістік байланысты және кооперацияны тереңдетуге, "Байқоңыр"

ғарыш айлағында экологиялық қауіпсіздіктің жоғары деңгейі бар қазіргі заманғы зымыран-ғарыш технологиясын бірлесіп әзірлеуге және енгізуге тілек білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаты коммерциялық ғарыштық бағдарламалар мен жобаларды орындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының ұлттық ғарыштық бағдарламаларын іске асыру мақсатында "Байқоңыр" ғарыш айлағының жерүсті ғарыштық инфрақұрылым объектілерінің негізінде жаңа экологиялық қауіпсіз "Байқоңыр" ғарыш зымыран кешенін құру және бірлесіп пайдалану кезіндегі Тараптар ынтымақтастығының негізгі қағидаттары мен шарттарын айқындау болып табылады.

2-бап

Осы Келісімнің мақсаты үшін мынадай терминдер пайдаланылады:

"Бәйтерек" ғарыш зымыран кешені" - 2016 - 2025 жылдары Ресей Федерациясының федералды ғарыштық бағдарламасында құрылуы көзделген, экологиялық қауіпсіздік деңгейі жоғары, перспективалы ресейлік орта класты тасымалдағыш зымыранмен ғарыш аппараттарын ұшыруға арналған кешен. "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенінің құрамына "Байқоңыр" ғарыш айлағының "Зенит-М" ғарыш зымыран кешенінің техникалық құралдарының, құрылыс жайлары мен коммуникацияларының негізінде құрылатын старттық және техникалық кешендер, жерүсті ғарыш инфрақұрылымы объектілерін пайдалану бойынша персоналды дайындаудың оқу-жаттығу құралдары, телекоммуникациялық және ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдағыш зымыранның бөлінетін бөліктерінің құлау аудандары және басқа жерүсті ғарыш және қамтамасыз етуші инфрақұрылым объектілері кіреді;

"құпия ақпарат" - әрбір мемлекеттің заңнамасына сәйкес қорғалатын, сондай-ақ Тараптар ынтымақтастығы барысында пайда болған, рұқсатсыз таралуы Қазақстан Республикасының және/немесе Ресей Федерациясының қауіпсіздігі мен мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін кез келген нысанда берілген мәліметтер;

"жасырын ақпарат" - құпия ақпарат санатына жатқызылғаннан басқа, рұқсат етілмеген қолжетімділіктен, таратудан және пайдаланудан ашушы Тарап (немесе оның кәсіпорындары мен ұйымдары) қорғайтын, коммерциялық құпия мен ноу-хауды қоса алғанда, сондай-ақ ақпараттың оның үшінші тұлғаларға белгісіздігіне қарай пәрменді немесе әлеуетті коммерциялық құндылығы болғанда, оған заңды негізде қолжетімділік болмағанда және ақпарат иесі оның жасырындылығын қорғауға шаралар қолданғанда, ғылыми-техникалық, коммерциялық, өндірістік және өзге де қызметке қатысты кез келген жалпыға қолжетімді болып табылмайтын ақпарат. Жасырын ақпарат санатына

жасырын ақпараты бар құжаттардың кез келген көшірмелері, сондай-ақ жасырын ақпараты бар түпнұсқа құжаттарды пайдалану арқылы немесе олардың негізінде дайындалған кез келген құжаттар жатады;

"тауарлар" - тасымалдағыш зымырандар, екпіндету блоктары, ғарыш аппараттары, дайындау мен ұшыруды жүзеге асыру үшін қажетті кез келген басқа жабдықтар, бақылау мен сынақ жабдықтары, отын, құрылыс және басқа материалдар, тетіктер мен техникалар, сондай-ақ ғарыш бағдарламаларын іске асыру кезінде әзірлеу, өндіру немесе пайдалану үшін қажетті, материалдық тасымалдаушыларда белгіленген ақпарат түріндегі технологиялар. Ақпарат санатына кез келген материалдық нысанда берілген өзге ақпарат (дерекқорды қоса алғанда, компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз ету, коммерциялық құпия, ноу-хау, өндірістік құжаттама және техникалық сипаттамалар) жатады;

"атқарушы ұйымдар" - "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру және пайдалану жөніндегі жұмыстарды орындау үшін, меншік нысанына қарамастан, "Бәйтерек" бірлескен Қазақстан-Ресей кәсіпорны" акционерлік қоғамы тартатын Тараптардың ұйымдары.

ғарыш зымыран кешені" - 2016 - 2025 жылдары Ресей Федерациясының федералды ғарыштық бағдарламасында құрылуы көзделген, экологиялық қауіпсіздік деңгейі жоғары, перспективалы ресейлік орта класты тасымалдағыш зымыранмен ғарыш аппараттарын ұшыруға арналған кешен. "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенінің құрамына "Байқоңыр" ғарыш айлағының "Зенит-М" ғарыш зымыран кешенінің техникалық құралдарының, құрылыс жайлары мен коммуникацияларының негізінде құрылатын старттық және техникалық кешендер, жерүсті ғарыш инфрақұрылымы объектілерін пайдалану бойынша персоналды дайындаудың оқу-жаттығу құралдары, телекоммуникациялық және ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдағыш зымыранның бөлінетін бөліктерінің құлау аудандары және басқа жерүсті ғарыш және қамтамасыз етуші инфрақұрылым объектілері кіреді.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.02.2020 № 302-VI Заңымен.

3-бап

"Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру және оны одан әрі пайдалану мақсатында Тараптар "Бәйтерек" Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Бірлескен кәсіпорын) құрады.

Бірлескен кәсіпорын "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құруға және оны пайдалануға қазақстандық және ресейлік мамандар мен ұйымдардың қатысуының теңдігі қағидаттарында құрылады.

Қазақстан Тарабынан Бірлескен кәсіпорынның Құрылтайшысы болып Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген ұйым әрекет етеді.

Ресей Тарабынан Бірлескен кәсіпорынның Құрылтайшысы болып "М.В.Хруничев атындағы Мемлекеттік ғарыштық ғылыми-өндірістік орталық" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны әрекет етеді.

Құрылтайшылар Бірлескен кәсіпорынның жарғылық капиталына әрқайсысы 200 мың АҚШ доллары мөлшерінде ақшалай қаражат енгізеді.

Бірлескен кәсіпорын Астана қаласында тіркеледі және өз қызметін осы Келісімге, Қазақстан Республикасының заңнамасына және құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Бірлескен кәсіпорынға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық салынуға тиіс.

Осы Келісім шеңберінде ұшыруларды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар Тараптардың мемлекетаралық комиссиясының басшылық етуімен, Ресей Федерациясының заңнамасында және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.02.2020 № 302-VI; 23.11.2021 № 74-VII Заңдарымен.

4-бап

РҚАО-ның ескертпесі!

4-бапқа өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 26.06.2015 № 326-V Заңымен (Жасырын).

"Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру үшін Қазақстан Тарабы Бірлескен кәсіпорынға Тараптар келіскен нобайлық жобаның сараптау нәтижелері бойынша бюджеттік кредиттің сомасын нақтылай отырып, негізгі борышты өтеу бойынша 5 жылдық жеңілдікті кезеңмен, жылдық 0,5 пайыз сыйақы ставкасы бойынша сыйақы төлеу бойынша 4 жылдық жеңілдікті кезеңмен 19 жыл мерзімге 223 миллион АҚШ долларына баламалы сомада бюджеттік кредит береді.

Қазақстан Тарабы бюджеттік кредит есебінен қаржыландырылатын жобаға қызмет көрсету жөніндегі агент функциясын орындауды "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамына тапсырады.

Кредит бойынша сыйақыны есептеу агент ашқан Бірлескен кәсіпорынның шотына ақша аударылған сәттен бастап жүзеге асырылатын болады.

Бюджеттік кредит бойынша Бірлескен кәсіпорынның міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету Бірлескен кәсіпорынның мүлкі болып табылады.

Бірлескен кәсіпорынға оның меншігіндегі мүлікке өндіріп алуды айналдыруға байланысты талап-арыздар туындаған жағдайда Тараптар жаппай қырып-жою қарулары мен оны жеткізу құралдарын таратпаудың халықаралық режимдерін сақтауды қамтамасыз етеді.

4-1-бап

Қазақстан Тарапы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мыналарды (мемлекеттік тапсырма нысанында):

Ресей Тарапы жалға алатын объектілер құрамынан оларды шығарудан кейін, "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру және жұмыс істеуі үшін пайдаланылатын "Зенит-М" ғарыш зымыран кешенінің жерүсті ғарыш инфрақұрылымы объектілерін ұстауды және пайдалануды;

"Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру және одан автоматты және басқарылатын ғарыш аппараттарын ұшыруды жүзеге асыру мақсатында старттық және техникалық кешендерді қоса алғанда, "Зенит-М" ғарыш зымыран кешенінің жерүсті ғарыш инфрақұрылымы объектілерін реконструкциялауды және жаңғыртуды (старттық және техникалық кешендердегі тасымалдағыш зымыранды дайындау кезінде пайдаланылатын бақылау-тексеру аппаратураларын, сондай-ақ қолжеткізу шектелген жүйелер мен агрегаттарды қоспағанда), жерүсті ғарыш инфрақұрылымның жаңа объектілерін салуды, жерүсті ғарыш инфрақұрылымның қолданыстағы объектілерді күрделі жөндеу мен реконструкциялауды;

старттық және техникалық кешендерді пайдалану бойынша персоналды дайындаудың оқу-жаттығу құралдарын құруды;

Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдағыш зымыранның бөлінетін бөліктерінің құлау аудандарын бөлуді;

телекоммуникациялық және ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін жаңғыртуды;

"Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін пайдалану үшін қажетті, қамтамасыз етуші инфрақұрылым объектілерін құруды және жаңғыртуды қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

"Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру жобасын қаржыландырудың мерзімдері мен көлемі жобаның техникалық-экономикалық негіздемесімен айқындалады.

Ресей Тарапы:

перспективалы орта класты тасымалдағыш зымыранды құруды;

тасымалдағыш зымыранның құрамдас бөліктерін тасымалдау құралдарының жиынтығын құруды;

екпіндеткіш блоктың техникалық кешенін, ғарыш аппаратының техникалық кешенін, ғарыштық басты бөліктің техникалық кешенін жаңғыртуды;

басқарылатын көлік кемесінің техникалық кешенін құруды;

телеметриялық ақпаратты өлшеу, жинау және өңдеу құралдарының кешенін жаңғыртуды;

старттық және техникалық кешендердегі перспективалы орта класты тасымалдағыш зымыран үшін бақылау-тексеру аппаратурасын құруды қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

Ескерту. Келісім 4-1-баппен толықтырылды - ҚР 13.02.2020 № 302-VI Заңымен.

4-2-бап

Бірлескен кәсіпорынның бюджеттік кредит бойынша міндеттемелері жай акцияларды қосымша орналастыру және оларды бюджеттік кредит берген Қазақстан Тарапына беру арқылы Бірлескен кәсіпорынның жарғылық капиталына конвертацияланады.

"Роскосмос" ғарыш қызметі жөніндегі мемлекеттік корпорация және (немесе) оның ұйымдары өздерінің меншігіндегі және "Байқоңыр" кешенінің объектілерінде орналасқан "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру үшін қажетті мүлікті Қазақстан Тарапына бере алады.

Берілетін мүліктің тізбесін және оны беру тәртібін "Байқоңыр" кешені жөніндегі Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясы бекітеді

Тараптардың құзыретті органдары құрған бірлескен комиссия мүлікті беруді және қабылдауды жүзеге асырады.

Мүлікті беру және қабылдау экспорттық бақылау саласындағы Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ресей Тарапының Бірлескен кәсіпорындағы өз үлесін Қазақстан Тарапымен тепе-теңдікке дейін жеткізуге құқығы бар.

Ескерту. 4-2-баппен толықтырылды – ҚР 23.11.2021 № 74-VII Заңымен.

5-бап

Тараптар орта класты тасымалдағыш зымыранмен "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенінің ұшу сынақтарының басталуын 2025 жылы қамтамасыз етеді.

Тараптар саны жылына кемінде екі ұшырып "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенінен "Союз-5" тасымалдағыш зымыранымен және оның ықтимал модификацияларымен ғарыш аппараттарын орбиталарға шығару бойынша коммерциялық тапсырыстарды орындауды бірлесіп қамтамасыз етеді.

Ресей Тарапы:

2027 жылға дейін "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенінен "Союз-5" тасымалдағыш зымыранының кемінде үш сынақтық ұшырылуын жүзеге асыруды;

2028 - 2039 жылдар аралығы кезеңінде жылына кемінде үш рет ұшыру "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенінен "Союз-5" тасымалдағыш зымыранымен және оның ықтимал модификацияларымен ғарыш аппараттарын орбиталарға шығару бойынша тапсырыстар орналастыруды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Тарапы:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жобаларын іске асыру шеңберінде 2028 - 2039 жылдар аралығы кезеңінде "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенінен "Союз-5"

тасымалдағыш зымыранымен және оның ықтимал модификацияларымен ғарыш аппараттарын орбиталарға шығару бойынша тапсырыстар орналастыруды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 5-бап жана редакцияда – ҚР 23.11.2021 № 74-VII; өзгеріс енгізілді – ҚР 18.09.2025 № 218-VIII Заңдарымен.

6-бап

Осы Келісімді орындау жөніндегі қызметті үйлестіру мақсатында Тараптар мынадай құзыретті органдарды тағайындайды:

Қазақстан Тарапынан – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі;

Ресей Тарапынан - "Роскосмос" ғарыш қызметі жөніндегі мемлекеттік корпорация.

Осы Келісім шеңберінде ынтымақтастық бағдарламалары мен жобалары оларды іске асыруға байланысты, соңынан қызметтің мамандандырылған түрлерін орындауға әкеп соқтыратын ұйымдастыру, қаржылық, құқықтық және техникалық сипаттағы қағидаттар, нормалар мен рәсімдер сияқты, Тараптардың құзыретті органдары, Бірлескен кәсіпорын немесе атқарушы ұйымдар жасасатын жекелеген келісімдер мен келісім-шарттардың мәнін құрай алады.

Тараптардың бірінің құзыретті органы өзгерген кезде мұндай Тарап бұл туралы екінші Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлама жібереді.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.02.2020 № 302-VI; 18.09.2025 № 218-VIII Заңдарымен.

7-бап

Тараптар Бірлескен кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауапты болмайды, Бірлескен кәсіпорын Тараптардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Тараптардың Бірлескен кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауапкершіліктен бас тартуы зияткерлік меншікке, құпия ақпарат пен технологияларды қорғауға байланысты талап-арыздарға қолданылмайды, және де аталған талап-арыздарды қарау мүдделері бұзылған Тарап мемлекетінің заңнамасымен реттеледі.

Бірлескен кәсіпорын Тараптар мемлекеттерінің құпия ақпаратты қорғау жөніндегі заңнамасы мен өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін ескере отырып, осы Келісім шеңберіндегі жұмыстарды орындау үшін атқарушы ұйымдарды дербес айқындайды.

Атқарушы ұйымдардың тізбесін Бірлескен кәсіпорын тізбені салық органына одан әрі беру үшін Қазақстан Тарабының құзыретті органына жібереді.

8-бап

Қазақстан Тарабы мынадай преференциялар беруді қамтамасыз етеді:

а) Бірлескен кәсіпорынның, Қазақстан Республикасының орындаушы ұйымдарының және Қазақстан Республикасының орындаушы ұйымдары мердігерлерінің ғарыш кеңістігінде тікелей орындалатын (көрсетілетін) жұмыстарына (көрсетілетін қызметтеріне), сондай-ақ тікелей ғарыш кеңістігінде жұмыстарды орындаумен (қызметтер көрсетумен) технологиялық негізделген және тығыз байланысты жердегі дайындық жұмыстарына (көрсетілетін қызметтерге) осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшаға сәйкес қосылған құн салығы және бейрезиденттік үшін қосылған құн салығы нөлдік мөлшерлеме бойынша салынады.

Нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдар бойынша қосылған құн салығын қайтару Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте осы тармаққа сәйкес қосылған құн салығы бойынша нөлдік мөлшерлемені қолданатын орындаушы ұйымдар осы Келісімнің 7-бабында көрсетілген орындаушы ұйымдардың тізбесінде айқындалуға тиіс.

Қосылған құн салығы бойынша және бейрезиденттік үшін қосылған құн салығы бойынша нөлдік мөлшерлемені қолдану үшін мыналар:

Бірлескен кәсіпорын үшін - осы Келісімге қосымшада көрсетілген жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) арналған шарт (келісімшарт) және жұмыстардың орындалғанын (қызметтердің көрсетілгенін) растайтын құжаттардың көшірмелері;

орындаушы ұйымдар үшін - Бірлескен кәсіпорынмен тікелей жасалған жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) арналған шарт (келісімшарт) және Бірлескен кәсіпорын үшін жұмыстардың орындалғанын (қызметтердің көрсетілгенін) растайтын құжаттардың көшірмелері;

Қазақстан Республикасының орындаушы ұйымдарының мердігерлері үшін - Бірлескен кәсіпорынмен жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) арналған шарты (келісімшарты) бар орындаушы ұйыммен тікелей жасалған жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) арналған шарт (келісімшарт) және орындаушы ұйым үшін жұмыстардың орындалғанын (қызметтердің көрсетілгенін) растайтын құжаттардың көшірмелері негіз болып табылады. Бұл ретте мердігердің Қазақстан Республикасының орындаушы ұйымы үшін жұмыстарды орындауына (қызметтерді көрсетуіне) арналған нұсқау және мердігер орындайтын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) түрлері Бірлескен кәсіпорын мен орындаушы ұйым арасында жасалған шартта (келісімшартта) айқындалуға тиіс;

б) Бірлескен кәсіпорынды "Зенит-М" ғарыш зымыран кешені жалға беруден шығарылған күннен бастап және мемлекеттік қабылдау комиссиясы "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін пайдалануға қабылдаған күннен бастап 15 жыл өткенге дейін осы Келісімге қосымшада көрсетілген жұмыстарды орындаудан (қызметтерді көрсетуден) алынатын корпоративтік кірістер бойынша табыс салығын төлеуден босату;

в) Бірлескен кәсіпорынды осы Келісімге қосымшада көрсетілген жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде тікелей пайдаланылатын салық салу объектілері бойынша мүлікке салынатын салықтан босату;

г) Бірлескен кәсіпорынды осы Келісімге қосымшада көрсетілген жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) байланысты Бірлескен кәсіпорынның қызметін жүзеге асыру үшін бөлінген және пайдаланылатын жер учаскелері бойынша жер салығынан және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемнен босату;

д) Бірлескен кәсіпорынды және Қазақстан Республикасының атқарушы ұйымдарын 1993 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағындағы жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды шекара арқылы өткізу тәртібі туралы келісімге сәйкес "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жеткізілетін тауарлардың импорты кезінде салықтардан, кедендік баждардан және алымдардан босату;

е) Бірлескен кәсіпорын мен Қазақстан Республикасының атқарушы ұйымдары "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асыратын тауарлар импорты квоталауға, лицензиялауға және басқа да шектеулерге жатпайды.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 18.09.2025 № 218-VIII Заңымен.

9-бап

Ресей Тарабы осы Келісімді іске асыру мақсатында Ресей Федерациясында тіркелген атқарушы ұйымдарға Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес преференциялар береді. "Байқоңыр" ғарыш айлағына тауарларды жеткізу квоталау режимін қолданусыз жүргізіледі.

10-бап

Тараптар "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру мақсатында Бірлескен кәсіпорынға Тараптардың құзыретті органдарымен келісу бойынша "Байқоңыр" ғарыш айлағының жерүсті ғарыш инфрақұрылымының қолданыстағы құрылыс жайларына (объектілеріне) ажыратылатын және ажырағысыз жақсартуларды енгізу және жаңа құрылысжайларды (объектілерді) құру құқығын ұсынады.

Осы Келісімді іске асыру мақсатында "Зенит-М" ғарыш зымыран кешенінің объектілері Тараптардың құзыретті органдары бекіткен тізбеге сәйкес "Байқоңыр" кешенінің Ресей Тарапы жалға алатын объектілерінің құрамынан шығарылады және Жалға беру шартында айқындалған тәртіппен Қазақстан Тарапына 2018 жылғы 1 маусымға дейін беріледі.

Қазақстан Тарапы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Бірлескен кәсіпорынға "Зенит-М" ғарыш зымыран кешенінің көрсетілген объектілерінің сенімгерлік басқаруға берілуін қамтамасыз етеді.

Қажет болған кезде "Байқоңыр" кешенінің өзге құрылысжайлары (объектілері) Жалға беру шартында айқындалған тәртіппен "Байқоңыр" кешенінің жалға алынатын объектілерінің құрамынан шығарыла отырып, Бірлескен кәсіпорынға берілуі мүмкін.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - ҚР 13.02.2020 № 302-VI Заңымен.

11-бап

Осы Келісімді іске асыру мақсатында құрылатын "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенінің объектілерін салу жобасының мемлекеттік сараптамасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - ҚР 13.02.2020 № 302-VI Заңымен.

12-бап

"Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін пайдалана отырып ғарыш аппараттарын ұшыру кезінде ұшырушы мемлекеттің функциясын Ресей Тарабы орындайды.

Тараптар "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін пайдалана отырып ғарыштық бағдарламаларды орындау кезінде ғарыш объектілері келтірген залал үшін 1972 жылғы 29 наурыздағы Ғарыш объектілері келтірген залал үшін халықаралық жауаптылық туралы конвенцияға сәйкес олардың кінәсінің дәрежесіне мөлшерлес ортақ жауаптылықта болады.

"Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін пайдаланып ғарыш аппараттарын ұшыруларды дайындау мен жүзеге асыру кезіндегі сақтандыруға жататын тәуекелдер түрлері, сондай-ақ сақтандыруды жүргізу шарттары мен тәртібі Тараптардың құзыретті органдары арасындағы келісіммен айқындалады.

13-бап

Осы Келісімнің шеңберіндегі жұмыстарды орындау кезінде келтірілуі мүмкін залал үшін жауапкершілік, өтемақының мөлшері, тәртібі мен мерзімдері келіссөздер жүргізу жолымен Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес айқындалады.

14-бап

Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық барысында құралатын немесе берілетін зияткерлік меншікті қорғау, бөлу және пайдалану мәселелері Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес белгіленеді.

Осы Келісімнің шеңберіндегі ынтымақтастық атқарушы ұйымдардың, құзыретті органдардың және Тараптардың осы Келісімнің шеңберіндегі немесе одан тыс бірлескен қызметі басталғанға дейінгі олар алған зияткерлік меншікке құқығын қозғамайды.

Әрбір Тарап осы Келісімді іске асыру кезінде құпия ақпараттың қорғалуын, сондай-ақ осы Келісімнің шеңберіндегі ынтымақтастық барысында берілетін ақпараттың жасырындылығын оның құзыретті органдарының, атқарушы ұйымдарының және Бірлескен кәсіпорынның сақтауын бақылауды қамтамасыз ету үшін өзінің мемлекетінің заңнамасында көзделген барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді. Бұл ретте жасырын ақпаратты осындай ретінде Тарап, құзыретті орган, Бірлескен кәсіпорын немесе жасырындылықты талап ететін атқарушы ұйым белгілеуге тиіс.

Егер осы Келісімді орындау үшін оларды пайдалану тәртібі Тараптар мемлекеттерінің заңнамасымен айқындалатын мәліметтерді беру немесе мәліметтермен алмасу қажет деп танылған жағдайда, олар осы мақсатта Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында белгіленген нысанда тиісті шешімдер қабылдайды.

Осы Келісімнің шеңберінде орындалған бірлескен әзірлемелер туралы кез келген ақпарат оның қатысушысы болып табылмайтын тарапқа тек Тараптардың құзыретті органдарының жазбаша түрде ресімделген өзара келісімі бойынша ғана берілуі мүмкін.

15-бап

Тараптар, олардың құзыретті органдары, Бірлескен кәсіпорын және атқарушы ұйымдар Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына және халықаралық құқық нормаларына сәйкес осы Келісімнің шеңберіндегі жұмыстарды орындауға байланысты қорғалатын тауарлар мен технологияларға рұқсатсыз қолжетімділіктің және мұндай технологиялар мен тауарларды үшінші тұлғаларға рұқсатсыз берудің алдын алу жөнінде қажетті шаралар қабылдайды. Осы мақсатта Ресей Тарабынан Бірлескен кәсіпорынның құрылтайшы ұйымы атқарушы ұйымдардың және Бірлескен кәсіпорынның қатысуымен технологияларды қорғау жоспарларын әзірлейді, олар Тараптардың құзыретті органдарына бекітуге ұсынылады.

Технологияларды қорғау жоспарлары қорғалатын тауарлар мен технологиялардың жалпы тізбесін, Зымырандық технологияны бақылау режимінің талаптарын ескере отырып, "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құрудың және пайдаланудың барлық кезеңдерінде қауіпсіздік шараларын және бірлескен бағдарламалар мен жобаларға қатысушылардың жауапкершілігін бөлуді қамтуға тиіс.

16-бап

Бірлескен кәсіпорынның қызметкерлері "Байқоңыр" ғарыш айлағында болған уақытта қауіпсіз жұмыс істеудің айрықша режимі бар объектілерде болуға байланысты барлық нормалар мен ережелерді орындауға міндетті. Көрсетілген нормалар мен ережелерді қызметкерлердің назарына "Байқоңыр" ғарыш айлағының режим қызметі жеткізеді.

17-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты дауларды шешу, сондай-ақ күтпеген және еңсерілмейтін жағдайларды (форс-мажор жағдаяттарын) реттеу өзара консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен немесе Тараптармен немесе олардың құзыретті органдарымен келісілген басқа да рәсімдердің көмегімен жүзеге асырылатын болады.

18-бап

Егер осы Келісім күшіне енгеннен кейін Тараптар мемлекеттерінің қабылданған заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінде не Тараптар бір мезгілде қатысушылары болып табылатын халықаралық келісімдерде Бірлескен кәсіпорын үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар көзделетін болса, онда осы қолайлы жағдайлар қолданылатын болады.

19-бап

Осы Келісім Тараптардың және олардың құзыретті органдарының олар жасасқан басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

20-бап

Осы Келісім оған қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісімге Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын және осы бапта көзделген тәртіппен күшіне енетін жекелеген хаттамалар жасасу арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Келісім Жалға алу шартының қолданылу мерзімі өткенге дейін не Тараптардың біреуі басқа Тараптың оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап бір жыл өткенге дейін қолданылады.

Егер Тараптар өзге туралы келіспесе, осы бапта көзделген тәртіппен осы Келісімнің қолданылуын тоқтату осы Келісімнің шеңберінде аяқталмаған жобалар мен бағдарламаларды орындауға әсерін тигізбейді. Осы Келісімнің қолданылуын тоқтату

занды тұлғалардың осы Келісімнің қолданылуын тоқтатқанға дейінгі оған байланысты туындаған шарттық міндеттемелерді қайта қарауы немесе бір жақты тәртіппен сақтамауы үшін құқықтық негіз болып табылмайды.

2004 жылғы 22 желтоқсанда Мәскеу қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде, екі данада жасалды әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Ресей Федерациясының Үкіметі
арасындағы "Байқоңыр" ғарыш
айлағында "Бәйтерек" ғарыш
зымыран кешенін құру туралы
келісімге
ҚОСЫМША

Келісімнің 8-бабына сәйкес преференциялар берілетін тікелей ғарыш кеңістігінде, сондай-ақ тікелей ғарыш кеңістігінде жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) технологиялық негізделген және олармен тығыз байланысты жердегі дайындық жұмыстары (қызметтері) кешенін жүзеге асыру кезінде орындалатын (көрсетілетін) жұмыстардың (қызметтердің) ТІЗБЕСІ

1. Тікелей ғарыш кеңістігінде орындалатын (көрсетілетін) жұмыстар (қызметтер):
 - ғарыш аппараттарын, орбиталық станцияларды және басқа да ғарыш жүйелерін ғарыш кеңістігіне шығару;
 - байланысты қамтамасыз ету, деректерді беру, теледидар және радио хабарларын тарату үшін ғарыш техникасын пайдалану;
 - жерсеріктік навигациялық және топогеодезиялық жүйелерді пайдалану;
 - ғарыш аппараттарын объектілер мен құбылыстарды қадағалау үшін пайдалану;
 - тікелей ғарыш жағдайында ғарыш аппараттарын сынау;
 - тікелей ғарыш кеңістігінде орналасқан ғарыш аппараттарын пайдалана отырып орындалатын (көрсетілетін) жұмыстар (қызметтер);
 - ұшуды басқару және ғарыш жүйелерін, ғарыш аппараттарын (объектілерді) байланыспен, соның ішінде Жер бетінде жүзеге асырылатын байланыспен қамтамасыз ету;
 - басқарылатын да, автоматты да аппараттар қолданылатын ғылыми зерттеулер (іргелі және қолданбалы);
 - ғарыштан Жерді және басқа да планеталарды қашықтықтан зерттеу, ғарыш аппараттарынан, осы аппараттарды пайдалануды қоса алғанда, экологиялық мониторинг және метеорология.

2. Тікелей ғарыш кеңістігінде жұмыстарды орындауға (қызметтерді көрсетуге) технологиялық негізделген және онымен тығыз байланысты жердегі дайындық жұмыстарының (қызметтердің) кешені:

арнайы отын және оны жеткізу құралдарын дайындау, ғарыш аппараттары мен оларды шығару құралдарына отын жеткізу және құю;

ғарыш аппараттары мен оларды жеткізу құралдарын оларды сынау және ұшыру орындарына тасымалдау және шығарушы кәсіпорынға қайтару;

ғарыш аппараттарынан, орбиталық станциялардан және басқа да ғарыш жүйелерінен ақпарат қабылдау, оны өңдеу және тұтынушыға дейін жеткізу;

зымыран-ғарыш техникасының жобалау-конструкторлық әзірлемелерін негіздеуге және қамтамасыз етуге, зымыран-ғарыш техникасын өндіруге және оны пайдалануға байланысты теориялық және жобалық-ізвестіру зерттеулері;

ғарыш аппараттарын, орбиталық станцияларды, шығару құралдары мен олардың құрамдас бөліктерін, соның ішінде: зымыран, авиациялық және басқа да кешендерді және олардың құрамына кіретін зымыран тасығыштарды, тасығыш ұшақтарды, екпіндету блоктарын, оларды дайындау, сақтау және тасымалдау құралдарын - жобалау, құрастыру, өндіру және сынау;

ғарыш аппараттары мен оларды жеткізу құралдарын басқарудың мамандандырылған жүйелерін, сондай-ақ ғарыш аппараттары мен оларды шығару құралдарының жұмыс істеуін телеметриялық бақылау құралдарын жобалау, құрастыру, өндіру және сынау;

ғарыш аппараттары мен оларды шығару құралдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жүйелерін жобалау, құрастыру, өндіру және сынау;

техникалық және технологиялық жүйелер мен олардың зымыран-ғарыш кешендерін тасымалдауды, сақтауды, сынау мен ұшыруды және ғарыш аппараттарын ұшу кезінде басқаруды қамтамасыз ететін жердегі ғарыш инфрақұрылымының құрамдас бұйымдарын жобалау, құрастыру, өндіру және сынау, жете толықтыру және пайдалану (қызмет көрсету);

ұшу-ғарыш оқиғаларын тексеру;

сынақ және басқару орталықтарын, ұшыру және техникалық кешендерді, әуеайлақтарды және жердегі ғарыш инфрақұрылымының өзге де объектілерін және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу жөніндегі қызметтерді ұсынуды қоса алғанда, олардың құрамдас бөліктерін, сондай-ақ қабылдауға, сақтауға, тасымалдауға және сынауға, ұшыруға дайындауға, зымыранды ұшыруға, ғарыш аппараттарын (объектілерді) ұшыруға арналған агрегаттардың, жүйелердің және т.б. құрамдас бөліктерін жасау, күтіп ұстау және пайдалану;

ғарыш аппараттары мен оларды жеткізу құралдарына ұшудан кейінгі қызмет көрсету және/немесе оларды жөндеу;

пайдалану процесіндегі жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын қоса алғанда, ғарыш аппараттары мен оларды жеткізу құралдарына кепілдік берілген қадағалауды жүзеге асыру;

зымыран-ғарыш техникасының жүйелері мен жабдығын кәдеге жарату.

Осымен 2004 жылғы 22 желтоқсанда Мәскеу қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағында "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

*Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігінің
Халықаралық-құқық департаменті
Халықаралық шарттар басқармасының
Бастығы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК